

Кептірілген кокос жаңғақтарына қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының мөлшерлемесін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 25 маусымдағы № 76 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 42 және 45 баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 Шешімімен ЕАЭО СЭҚ ТН 0801 11 0000 кодымен жіктелетін кептірілген кокос жаңғағына қатысты бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі осы Шешім күшіне енген күннен бастап 2027 жылғы 31 шілдеге дейінгі кедендік құнның 0 % мөлшерлемесін қоса алғанда белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 Шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ 0801 11 000 0 ТН коды бар позицияда Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертуге "4" сілтемесі "970") сілтемесімен ауыстырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 970-ескертпемен толықтырылсын (970) кедендік құнның 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 25 маусымдағы № 76 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 31.07.2027 дейін қолданылады."

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының
уақытша міндетін атқарушы*

Б. Сұлтанов